

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

**Кафедра:** *Теориялық және қолданбалы тіл білімі*

**Пән:** *Қазақ тілінің тарихи грамматикасы*

# *Тарихи морфология*

**Тексерген:** *Миров М.О.*

**Орындаған:** *Мухтасарова Л, Ораз М.*

# *Жоспар:*

- I. Грамматика туралы түсінік*
- II. Морфология – грамматиканың бір саласы*
- III. Морфология туралы ғалымдардың анықтамалары*
- IV. Морфологияның негізгі міндеттері*
- V. Морфологияның басқа тілі білімі салаларымен байланысы*
- VI. Глоссарий*
- VII. Блиц-тест*
- VIII. Пайдаланылған әдебиеттер*

**Грамматика**-тілдің құрылысын зерттейтін тіл білімінің саласы.

Грамматиканың **негізгі зерттеу нысаны** – тілдің морфологиялық және синтаксистік жүйесі; оның ішінде грамматикалық форма, грамматикалық мағына, грамматикалық категория, бір тілдегі грамматикалық формалардың көріну амалдары мен сол арқылы айтылмақшы мағыналардың берілу тәсілдері, олардың байланысуы, тіркесу жолдары мен тәсілдері.

**Түрлері:** тарихи және сипаттамалы.

Грамматика ғылымы, тілдің грамматикалық құрылысын зерттейді, өзінің тексеретін объектісінің негізі етіп сөзді және сөйлемді алады. Тексеру нысанасының осындай ерекшеліктеріне қарай, грамматика ғылымы морфология және синтаксис деп аталатын екі салаға бөлінеді.

Морфология – сөз және олардың формалары туралы ілім. Сөздің грамматикалық мағынасы мен лексикалқ мағынасы. Жалпы және жеке грамматикалық мағыналар.

# Морфология



*Морфология (гр. morf — түр, тұлға, logos — сөз, ілім) — дербес сөздердің грамматикалық мағыналарын тексеретін, грамматикалық сөз тұлғалардың қызметі мен қалыптасу, даму заңдылықтарын зерттейтін тіл ғылымының бір сапасы. Морфологияның негізгі материалы — морфема.*

Тілші-ғалымдардың анықтамалары бойынша, тіл білімінің морфология саласы сөздерді жеке алып қарастырмай, оларды жалпы алып, сөз топтарына топтастырып, әр сөз табының өзіне тән грамматикалық ерекшеліктерін қарастыратын ғылым. Жеке дара тұрғандағы сөздің лексикалық мағынасы болғанымен, басқа сөздермен байланысқа түсуі үшін грамматикалық мағынаны қажет ететіні белгілі. *Лексикалық мағына да, грамматикалық мағына да сөздердің байланысуынан анық аңғарылады. Екеуінің де объектісі – сөз.* Морфология осы сөздердің формасын, яғни, сөздің негізгі түбірін, сөздің түрлі қосымшалар қосылғандағы түрлерін, сөз тіркестерін тексеретін ғылым. Сонымен қатар, тілдегі сөздердің атқаратын қызметтеріне қарай топтарға бөлу, әр сөз табына тән категорияларды анықтау міндетін де қоса атқарады.



*Профессор Қ.  
Жұбанов  
морфологияны  
«сөз құрылысы»  
деп алып, «сөз-  
сөздің қалай  
құралаатынын  
жалпы түрде  
қарайтын  
ғылымды жалпы  
морфология  
дейміз.*



***Н. Оралбай  
«тілдің  
морфологиялық  
құрылысын  
зерттейтін, яғни  
сөздің  
грамматикалық  
түрлену сипатын  
зерттейтін  
ғылым»***

*ғылым»*

*зерттейтін*

*грамматикалық*



***К. Аханов «сөздердің  
морфологиялық  
құрылымы мен  
типтері, морфема  
мен оның түрлері,  
сөздердің түрленуі,  
олардың формалары  
мен сөздердің лексика-  
грамматикалық  
топтары туралы  
ілім»***



ілім»

моншабер мұбаһар



*С. Аманжолов  
«морфологияның  
қарайтын  
объектісі – сөздің  
құрылысы,  
құрамы, өзгерісі»  
деп, «оның себебі -  
әр тілде жаңа сөз  
тудыру жолы әр  
түрлі»*

А. Ысқақовтың «сөз және оның формалары туралы ілім» - деген анықтамасы қазіргі таңда негізгі бағдар ретінде қолданыста. Бұл оқулықтың морфологиялық зерттеулердің көш басында тұратын еңбек екендігінде күмән жоқ. Онда сөз және оның морфологиялық құрылымынан бастап, сөздің морфологиялық құрамы мен жасалу жолдары, сөз формалары мен олардың жасалу тәсілдері, сөз таптары мен олардың жасалу тәсілдеріне қатысты мәселелер ғылыми тұжырымдар арқылы нақты көрсетілген.



# Сөздер морфологиялық тұрғыдан

жалаң

**Жалаңдар** сөздің  
түпкі мағынасын  
білдіретін түбір сөздер

күрделі

**Күрделілер** кем  
дегенде екі сөзден  
құралатын біріккен,  
қосарланған,  
күрделенген (*ақ құба*,  
*ақ сары*) сөздер.

*Морфологияның негізгі міндеттерінің бірі — сөздерді белгілі бір сөз таптарына тән деп бөлу. Сөз таптарының айқындалуына 30-жылдары ерекше үлес қосқан ғалымдар: А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов. 40-50- жылдары морфологияның әрбір жеке мәселелері арнайы жүргізілетін күрделі монографиялық ғылыми-зерттеудің объектісіне айналады да, осы зерттеулердің негізінде кептеген көлемді еңбектер жарыққа шығады. І. Кеңесбаев, А. Ысқақов, К. Ахановтардың жыл сайын шығып отырған орта, орталау мектептерге арналған "Қазақ тілі грамматикасы" мен Н. Сауранбаевтың педучилищеге арнаған "Қазақ тілі" (1948) және жоғары оқу орындарына арналған "Қазіргі қазақ тілі" (1954) атты көлемді еңбектерімен қатар, морфологияның жеке сөз таптарын әр жақты баяндауға арналған морфология Балақаевтың "Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері", А. Ысқақовтың "Қазақ тіліндегі үстеулер", Ғ. Мұсабаевтың "Сын есімнің шырайлары", Ә. Хасеновтың "Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер", Р. Әміровтың "Қазақ тіліндегі шылаулар", Ш. Сарыбаевтың "Қазақ тіліндегі одағайлар" т. б. зерттеулерін айтуға болады.*

*Морфология сөздің грамматикалық тұлғаларын жеке бір тілдегі сөздердің диахрондық (тарихи даму), синхрондық (қазіргі кездегі) көрінісімен де зерттейді. Морфология сөз тұлғаларының түрленуін, бөлшектенуін, әр түрлі өзгеріске түсуін анықтау мақсатында салыстыра зерттеу жүйесімен де айналысады. Сөздің тұлғасы, мағынасы және атқаратын қызметі сөйлем құрамында ғана анықталатын болғандықтан, сөзді синтаксиспен байланысты қарастырады. Демек сөзді лексика-грамматикалық сипаты тұрғысынан айқындайды.*



## **Морфологияның басқа тіл білімінің салаларымен байланысы**

Морфология тілдің фонетикасымен де тығыз байланысты. Өйткені, әрбір сөз, әрбір грамматикалық форма дыбыс тіркестері арқылы жасалады.

Морфология тілдің лексика саласымен де тығыз байланысты. Біріншіден, морфологияның да, лексиканың да қарастыратын объектісі – сөз, екіншіден, әрбір сөзде лексикалық та, морфологиялық та мағына болады. Өйткені әрбір сөз белгілі грамматикалық формада қолданылады.

Морфология сөздің септік аффикстері мен оны білдіретін формаларды үйретеді. Бұл формалар сөйлем ішінде өзара бірімен-бірі тіркесу арқылы қарым-қатынасқа түскенде қолданылады. Сөйлем және оның құрмаындағы сөздердің өзара байланысын синтаксис қарастырады. Сөздердің септік аффикстерінің түрленуін морфология қарастырса, ал осы септік аффикстерінің сөйлем ішінде өзара байланысын синтаксис тексереді.

# Глоссарий

**Грамматика** (гр. 'grammatike, γράμμα' – әріп, жазу) – тіл білімінің сөз таптарын, сөздердің өзгеруі мен сөйлем құрылысын зерттейтін саласы.

**Морфология** (гр. *morf* — түр, тұлға, *logos* — сөз, ілім) — дербес сөздердің грамматикалық мағыналарын тексеретін, грамматикалық сөз тұлғалардың қызметі мен қалыптасу, даму заңдылықтарын зерттейтін тіл ғылымының бір саласы.

**Сөз таптары** орыс. *части речи* — өздеріне тән лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік ортақ белгілердің негізінде қалыптасқан категориялары бар сөз топтары.

**Фонетика** - (грек. *phōnētikos* – дыбыстық, дауыстық) – тіл білімінің тілдің дыбыстық жағын зерттейтін саласы.

**Лексика** (грек. лексикос — сөздік) — тілдегі сөздердің жиынтығы, сөздік құрам.

**Синтаксис** ( гр. *σύνταξις* - құру, тәртіп, амал-тәсіл ) - сөз тіркесі туралы, сөйлем туралы ғылым.



# *Блиц-тест*

1. Грамматика неше түрге бөлінеді?

- а) 3                      ә) 4                      б) 2                      в) 5                      г) 7

2. «Морфология қарайтын объектісі – сөздің құрылысы». Кімнің сөзі?

- а) Қ. Жұбанов                      в) А. Ысқақ  
ә) С. Аманжолов                      г) С. Исаев  
б) Н. Оралбай

3. Сөздер морфологиялық тұрғыдан қандай түрлерге бөлінеді?

- а) жалаң және күрделі                      в) негізгі және күрделі  
ә) негізгі және туынды                      г) жалаң және жайылма  
б) дара және күрделі

4. «Морфология - сөз және оның формалары туралы ілім» деген тұжырым жасаған кім?

- а) М. Томанов                      в) А. Ысқақ  
ә) Т. Қордабаев                      г) А. Байтұрсынов  
б) Н. Оралбай



## *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, Ана тілі, 1992. – 446 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, «Ғылым», 1966. – 362 б.
3. Аманжолов С. Тіл және жазу/ Язык и письмо. – Өскемен, 2005. – 403 б.
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы «Мектеп», 1978, 492 б.
5. Ысқақов А.Ы. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991. – 385 б.
6. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 388 б.
7. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы – Алматы, 1981. – 206 б.
8. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері – Алматы, 1991. – 256 б.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!**

